

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

*Ибрайханова А.¹, Әлтай А.²

*¹«Әдебиеттану» мамандығының 3-курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, e-mail: akmaral_rollan@mail.ru

²фил.ғыл.док., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры

Астана, Қазақстан, e-mail: Akzhol777@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі С.Бегалиннің «Абақ арманы», «Баян жүрек» поэмалары негізге алынған. Мақаланың басты мақсаты – ақын поэмаларындағы тарих тағылымын ашып көрсетіп, заман талабына сай жаңаша зерделеу. Мақалада поэма терминіне берілген анықтамалар сараланып, әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасалынды. С.Бегалиннің шығармаларына берілген ғылыми тұжырымдардың танымдық сипаты туралы пікір білдірген әдебиет зерттеушілері Қ.Ергөбек, Қ.Алпысбаев, А.Нұрқатовтың еңбектері басшылыққа алынды.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы: С.Бегалин поэмаларындағы ел мен жер тағдыры, халық арасынан шыққан дара тұлғаның тағдырын бейнелеген шығармаларының тақырыптық және көркемдік қуаты зерделенді. Ақын поэмаларының көркемдік-идеялық ерекшеліктері талданып, кейіпкер бейнесін жасау, олардың рухани дүниесін ашу сияқты көріністерді шебер суреттегені жайлы айтылды.

Мақаланың негізгі теориялық тұжырымдары қазақ әдебиетінің тарихы мен балалар әдебиетіне өзіндік үлес қосады деп ойлаймыз. Сондай-ақ зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған пәндерді оқытуда, арнаулы семинарлар жүргізуде пайдалануға болады.

Эпикалық жанрдың тамырын тереңге жайған, бастауын сонау ауыз әдебиетінен алатын көне түрі – тарихи жырлар. Тарихи жырлар негізіне өмірде анық болған әлеуметтік, саяси оқиғалар алынады. Тарихи жырларда ақынның дәл өз дәуірінің заманалық оқиғасы сөз болады. Ол уақыт өте келе барып қана тарихи сипат алады. Тарихи жырлар бір дәуірдің емес, нақтылы әлеуметтік-тарихи тартыстардың елесі.

Ғасырлар бойында кең байтақ қазақ жеріне, оның қазына байлығына қызығып, құныға шапқан дұшпандарға қарсы өрлік пен ерлік, қайсарлық пен қаһармандық танытқан ерлердің ісі жайлы көптеген эпостық жыр туған. Ел қамын ойлаған, жер тұтастығы үшін атқа мінген, соңына дүйім елді ертіп, дұшпанына атой салған ержүрек батырлардың биік тұлғасын жасау, олардың ерлік істерін дәріптеу кеңес дәуірі кезіндегі ақындардың шығармаларынан кең орын алды.

Ал С.Бегалин поэмалары өз заманының көкейкесті мәселелерін қамтып, тарихи жайларды қалт жібермей, дәл де көркем бейнелеуімен ерекшеленеді. ХХ ғасыр басында қазақ поэзиясында поэма жанрының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан С.Бегалиннің тарихи тақырыпқа арнап жазылған «Абақ арманы», «Баян жүрек» поэмалары сан қырлы шығармашылығының бір биік белесі.

Жұмыста сипаттау, жүйелеу, жинақтау, тұжырымдау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: қазақ поэзиясы, балалар әдебиеті, эпикалық жанр, ерлік істер, әлеуметтік-тарихи тартыс, адами құндылық, саяси оқиға, жанрлық ерекшелік

Негізгі ережелер

Қазақ әдебиеті өкілдерінің әдеби мұрасын бүгінгі тәуелсіз таным тұрғысынан зерттеп, тың тұжырымдар жасау әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылмақ. XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан қаламгерлер қатарында балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, көсемсөзші Сапарғали Бегалиннің алар орны ерекше.

С.Бегалиннің әдеби мұрасынан тарихи тақырыпқа жазылған поэмалар ерекше орын алады. Ақынның ертегі-поэмасымен сусындап өскен жасы кіші оқырмандар есейе келе қаламгердің тарихи тақырыпқа негізделген поэмаларымен оқып танысады.

Жұмыста ақынның «Абақ арманы», «Баян жүрек» поэмалары негізге алынып, кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы ерекшеліктері қарастырылады. Ақын поэмаларындағы тарих тағылымын зерделеу, тарихи кейіпкерлердің бейнесін ашып көрсету, адами құндылықтар мен табиғат көріністерін суреттеуде көркемдік құралдарды қолданудағы ерекшелігіне баса назар аудару мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Кіріспе

Өзектілігі. Ақын-жазушылардың өмір жолын зерттеп, олардың шығармашылық мұрасы туралы іргелі еңбек жазып жүрген әдебиет зерттеушілері баршылық. Алайда олардың еңбектерін оқи отырып, белгілі бір қаламгердің әдеби мұрасы туралы жеткілікті деңгейде зерттеліп болды деп толық айта алмаймыз. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, өзіне ғана тән стилі, өрнек-баяуы бар көрнекті қаламгер ретінде қалыптасқан Сапарғали Бегалин жайлы осылай айтуымызға әбден болады.

Зерттеу еңбегімізге негіз етіп алынған поэмалар тарихи оқиғаларды көркем бейнелеуімен ерекшеленеді. Қазақ поэзиясында поэма жанрының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан қаламгердің тарихи тақырыпқа арнап жазған поэмаларын бүгінгі жаңа дәуір биігінен саралап, жаңғырту, бағалау зерттеудің өзектілігі болмақ.

Ақын поэмаларының дені қазақ халқының кешегі басынан өткізген өмір көрінісі болғандықтан халықтың белгілі бір кезеңдері турасында, заманы жайлы үлкенді-кішілі тарихи оқиғалар төңірегінде сөз болады. Ғасырлар бойында кең байтақ қазақ жеріне, оның байлығына қызығып, құныға шапқан дұшпандарға қарсы өрлік пен ерлік, қайсарлық пен қаһармандық танытқан ерлердің ісі жайлы көптеген жыр туған. Бұған ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда жасаған Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай, Исатай, Махамбет, Досан, Бекет, Жанқожа, Өтеген, Сұраншы туралы жырлар мысал бола алады.

Ел қамын ойлаған, жер тұтастығы үшін атқа мінген, соңына дүйім елді ертіп, дұшпанына атой салған ержүрек батырлардың биік тұлғасын жасау, олардың ерлік істерін дәріптеу сол кезеңдегі ақындардың шығармаларынан кең орын алды. С. Бегалин поэмаларындағы тарихи кейіпкерлер Абақ, Түлек, Сайым батырлардың бейнесін жаңаша көзқараспен талдау, олардың бейнесін өзге қаламгерлердің шығармаларындағы кейіпкерлермен салыстыра зерделеу зерттеу жұмысының жаңашылдығы болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – ақын поэмаларының көркемдік деңгейін, оқырманға берер эстетикалық тағылымын және қаламгерлік шеберлігінің қыр-сырын ашып көрсету. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер көзделеді:

- ақын поэмаларындағы тарихи оқиғалардың мәніне үңілу;
- кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы шеберлігін айқындау;
- ақын поэмаларын жан-жақты талдай отырып, оның әдеби процестегі маңызын көрсету;
- поэма жанры туралы әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлерінен мысалдар келтіріп, тұжырымдау.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында жүйелеу, салыстыру, баяндау, талдау әдістері пайдаланылды. Ақын поэмаларындағы тарихи оқиғалар мен өз елін жаудан қорғаған батырлардың ерлік істері баяндалып, өзге қаламгерлердің шығармашылығымен салыстыра қарастырылды.

Сонымен қатар, мақалада поэма жанры туралы М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Нарымбетов сияқты ғалымдардың теориялық көзқарастары, С. Бегалиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеген Қ.Ергөбек, Қ.Алпысбаев, А.Нұрқатовтың еңбектері басшылыққа алынды.

Талқылау мен нәтижелер

Поэма - белгілі бір оқиғаны, адам тағдыры мен заман шындығын өлеңмен суреттейтін көлемді поэтикалық туынды. Поэмада кейіпкердің өмір сүрген қоғамының тұрмыс-ерекшеліктері және уақыт кезеңін қамтитын объективті көріністермен қатар оның іс-әрекеті, мінез-құлықтары, өзара қарым-қатынастары сипатталады. Сапарғали Бегалин «Абақ арманы», «Баян жүрек» поэмаларында тарихи оқиғаларды негіз етіп алып, заманының тыныс-тіршілігін дәл суреттей білген.

Қазақ балалар әдебиетінің өсу, өркендеу, даму барысында көрнекті роль атқарып келе жатқан негізгі жанрдың бірі - поэма. Оның терминдік түсінігі мен жанрлық ерекшелігі жайлы «Әдеби энциклопедиялық сөздікте»: «Поэма - лирикалық және баяндаушылық сюжетті қамтитын көлемді өлеңдік шығарма [1, 294 б.] деген анықтама берілген.

Қазақ әдебиеттану ғылымында поэма жанрының ерекшеліктері туралы әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиев: «Поэма өлеңмен жазылуының, сюжетке құрылуының үстіне оқиға бірлігінің сақталуы, бөлшектерінің біркелкі келуі және солардың барлығы асқан шеберлік, іскерлікпен жанды, жинақы түрде суреттелуі шарт, онсыз ешбір поэма өз дәрежесіне жете алмайды» [2, 228 б.], – деген пікір білдіреді.

Әдебиет зерттеушісі Қ.Ергөбек «Мейірім шуағы» атты әдеби-сын еңбегінде балалар поэмасының қалыптасуы мен дамуына талдау жасай келіп, шағын өлең мен поэма сюжеті бір емес екенін айтады.

«Эпикалық поэма үшін жанрына лайық сюжет құру қажет. Қысқа өлең үшін бір ғана көркемдік деталь жеткілікті болуы мүмкін. Ал балалар поэмасы

үшін ондаған деталь қажет. Кішкене өлеңдегі авторлық баяндау мәнері бір басқа да, эпикалық баяндау мәнері екінші басқа. Шағын жанрда да балалардың қызықты характерін ашып, соны образ жасауға болар, дегенмен эпикалық жанрда характердің сан-алуан қыртысын ашып, кемел образ жасау мүмкіндігі молырақ жатса керек» [3, 77 б.], – деп балалар поэмасына қойылатын негізгі талаптарды атап көрсете отырып, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, С.Бегалин, Ә.Тәжібаев, Ж.Смақов сияқты балалар ақындарының шығармашылығына талдау жасайды.

Кез келген мазмұнды әдеби шығарма шынайы тарихтың дерегі болып табылады. Ал шынайы тарихтың әрбір дерегі өз дәуірінің тарихи шындығының көптеген элементтерін кез келген түрде, кез келген мөлшерде, кез келген арақатынаста қамти алатыны белгілі [4].

Ақын поэмаларының дені қазақ халқының кешегі басынан өткізген өмір көрінісі болғандықтан халықтың белгілі бір кезеңдері турасында, заманы жайлы үлкенді-кішілі тарихи оқиғалар төңірегінде сөз болады.

С.Бегалиннің халық өмірінің сан қырын ашып, кейіпкерлер жүйесін сәтті сомдаған поэмасының бірі - «Абақ арманы». Поэмада Абақ бейнесі ерекше сомдалады. Абақтың ерен ерлігі, көрген бейнеті бейнелі тілмен көркем суреттеледі.

Кең иық, шалқақ топшы, балғын білек,
Бура сан, қасқыр жота, өр көкірек.
Қайтпайтын жаннан беті өрт мінезді,

Сан жаудың алдын тосқан найза тіреп [5, 183-184 бб.].

Бұл арада ақынның Абақ бейнесін сомдаудағы төкпе шешендігін көруге болады. «Қармаулы», «қасқыр қабақ», «қалбағайлы» деген теңеулер арқылы автордың қазақтың байырғы тілін, сөз саптауын көп қолданатынын байқаймыз. Оның ана тіліміздегі ұмыт болып қалған, архаизмге айналып бара жатқан кесек мағыналы көп сөздерді қайта жаңғыртудағы еңбегі айрықша екеніне куә боламыз.

С.Бегалин поэмадағы жағымсыз образдар бейнесін жасауда, сараң байлардың – Аққозының, Нұрланның, Садықтың озбырлығын суреттеуде ақындық шеберлігін одан әрі шыңдай түседі. Олардың өз мақсат-тілектерін жүзеге асырудағы қарым-қатынастарынан мінез-қылықтары шынайы әрі көркем ашылған.

Аққозы - Нұрлан жауы көп алысқан,
Ығыр ғып ел тонатып сан салысқан.
Көп тұлпар, талай көкжал басын жұтып,
Арасы Қыр мен Сырдың қайғы құсқан [5, 186 б.], –

дейді. Автор оқырман қауымға байларды осылай сипаттап таныстырады. Олардың іс-әрекеті мен жауыздықтары туралы оқырманға хабардар етіп отырады.

Тау шерлі, дала зарлы, бел күрсінген,
Қан жұтып, қара киіп ел күрсінген.
Әлсізді күшті әжуалап,
Жем үшін жыртқыш сұмдар елді бүрген [5, 189 б.], –

деп сол кездегі заман келбетін, ел тағдырын ақын көркемдік шешіммен бере білген.

Заман өзгерген, өткенге сын көзбен қарайтын, қоғам шындығын салмақтайтын қазіргі күннің көзқарасымен алғанда, С. Бегалин советтік кезеңдегі белгілі бір саяси шеңберден шыға алмай отырғаны күмәнсіз. Өйткені күллі көшпелі дәуірдің болмыс-бітімін бір ғана «Абай жолы» атты роман-эпопеясына сыйдырып, тарих сахнасынан шегініп бара жатқан әлеуметтік құбылыс, қоғамдық формация, далалықтардың өмір сүру салтын, құл иеленген көне шығыс және отарлаушы батыс елдеріне мүлде ұқсамайтын жауынгерлік рухтағы түркілік көшпелі өркениеттің қан тамырын, рулық-тайпалық тарихын, ұлттық дүниетанымын, деректі образдарын суреттейтін М. Әуезов үстем тап болып есептелген шонжар тұқымдарды жағымсыз бейне етіп суреттеуге амалсыз мәжбүр болғаны айдан анық. Аға сұлтан Құнанбай, Шұбар есімімен берілген Шәкәрім сияқты текті, беделді, ақыл-парасаты асқан, ел қамын ойлайтын қазақтардың қара халықты қанаушы, әмірші, өктем, жуан тұқым болғандықтан ғана әлеуметтік теріс кейіпкерге айналып кеткені сондықтан болатын.

С.Бегалин байларды, билерді, батырларды ішінара жағымсыз бейне ретінде көрсетпесе шығарма советтік цензурадан өтпей, одан әрі оның жарық көруі де екіталай болар еді.

Поэмада Абақ Аққозының әмірімен Нұрлан байдың ауылын шауып, сол жолы қапылыста қолға түседі. Нұрлан бай зынданда айлап қамауда жатқан Абақты Ташкеннен келіп, сауда-саттықпен айналысып жүрген Садық деген саудагерге қос қара ала итке сатып жібереді. Ақын Абақтың тән азабынан тартқан қорлығын ашына жырлайды. Осы арқылы сол кездегі байлардың озбырлығын әшкерелейді. Автор Абақтың сатылып кетіп бара жатқандағы аянышты халін әсерлі жеткізген.

Егер де өлмей өтсем мынау шөлден,

Бұл да бір бейнет шығар тәнім көрген.

Тән түгіл жан қорлығы бұдан да ауыр,

Сатылып ит орнына ит боп көнген [5, 190 б.], –

дейді. Намыс оты шарпыған Абақтың бір қапылыста Садық байды өлтіріп, тұтқыннан қашып шығуы - поэманың шешімін тапқан тұсы.

Абақ еліне қайтып оралады. Мұны естіген Нұрлан бай өзінің өміріне қауіп төнгенін сезіп, Аққозыдан бітімге келуін және Абақты өз қолына беруін сұрайды. Өз елінің өзіне пана болмасын сезген Абақ қашып кетпей, дұшпанымен айқасып кетеді.

Абақ бейнесін реалистік сипатта сомдаған ақынның жадында өзінің немере ағасы билеуші, шонжар топ қуғындап, «ұры» атаған атақты Мәди Бәпиұлының ауыр тағдыры қылаң береді. Негізінде ел ішінде талантты ерлер айналасындағы надан жұрттың құрбаны болып кете барғаны Иманжүсіп, Ақан сері, Біржан сал, Мұхит сияқты тұлғалардың өмір жолынан, жазмышынан білінбей қалмайды.

Поэмада бай-шонжарлардың соңына ілесіп жүрген туған елінің мүшкіл халі Абақтың қоштасардағы сөзі арқылы беріледі.

Қош бол, ел Аққозының артына ерген,
Жәпектей сұмырайға тізгін берген.
Жазығым жан аямай шоқпар болдым,
Кегінді ап, жұмсағанда талай жерден.
Мені итке Нұрлан сатып қорлағанда,
Күтіп ем кек қуар деп мен сендерден,
Сол жауға мені тағы ұстап бермек
Болдыңдар, елшісіне іздеп келген [5, 205 б.].

Абақтың осы сөзінен сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелер айқын сезіледі.

М. Әуезовтің «Барымташы» атты әңгімесінде байдың мүддесі үшін бекер күйіп кеткен, жылқы айдап әкелуге барып, қапыда қаза тапқан ердің тағдыры Абақ сияқты ерлердің ащы таукіметін таныта түсері шындық. Қолында билігі барлар қашанда өктемдігін жүргізуде өзгелерді пайдаланады. Адамзат қауымы мұндай кептен арылмай келе жатыр.

Поэманың соңында ақын Абақ мергеннің басынан өткен ауыр тағдырын жырлайды. Абақтың Мария қызбен тауда танысып, ақыры екеуінің арасында таныстықтың махаббатқа ұласуы суреттеледі.

Ақын поэмадағы Мария бейнесін:

Марияға жаннан бөлек біткен көрік,
Көркіне көз тоймаған тұрған көріп.
Алтын шаш, қаршыға көз, қиылған қас,
Тал бойы таспа сымдай қойған өріп [5, 207 б.], –

деп суреттейді.

Поэмада Абақтың осы бір бақыты көпке ұзамайды. Сүйген қызы Марияны улы жылан шағып, құздан құлап мерт болады. Поэма соңы Абақ мергеннің тіршіліктен бақыт таппаған ауыр трагедиясымен аяқталады.

Бұл жерде автор улы жыланды жастардың аяғынан шалған заман уы ретінде беріп отыр. Мүмкін, ашық айта алмаған советтік қоғам шындығын метафора арқылы бүркемелеп бергісі бар.

Аттың сыны, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар, ер қанаты саналған қас жүйрікті асқан пафоспен суреттеу көне толғаулар мен эпикалық жырлардан жалғасқан ұлттық сөз өнерінің ерекшелігі болумен қатар қазақ поэзиясын көкке көтерген құбылыс. Сондай-ақ ақынның поэмада тұлпарлар сынын суреттеуде Абай Құнанбайұлы мен Ілияс Жансүгіровтен үлгі алынып тұрғаны көрініп тұрады.

Түйтенің арық борбай арса көгі,
Түлкі төс, бота тірсек арша Көгі.
Жиын, той шаппай бәйге ұсынатын,
Нұрланның қай жиынға барса Көгі [5, 205 б.].

Автор поэмада табиғат суреттерін негізгі оқиғаға шебер байланыстырып, шығарманың идеялық мазмұнын аша білген. Поэмадағы адам мен табиғат егіз, екеуі етене тұтасып кеткен.

Поэманың негізгі арқауы, бағыты - халық бостандығы, адам еркіндігі. Ол кейіпкерлер арасындағы тартыс үстінде өрбиді. «Қазақ энциклопедиялық

сөздігінде» тартыс туралы көркем шығармадағы сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес деген анықтама беріледі [6, 619 б.].

Ақын поэмада Абақ қайғысын сомдау арқылы халық трагедиясын жырлай білген. Абақ - халықтың қайнаған ортасынан шыққан, жан-жүрегі елдік мұрат деп соғатын жан. Поэма - кешегі көшпелі қазақ өмірінің бастан кешкен алуан түрлі тұрмыс-тіршілігін суреттейтін өнер туындысы. Шығарманың негізгі бағыты халқының бостандығы, адам еркіндігі үшін жанын салып жүрген азамат ерлігін, қысылған шақтағы амалсыз әрекетін көрсету болған. Поэманың оқиғасы қою, сюжеттік желісі күрделірек болғанымен тілі жеңіл жазылған.

Қоғам өзгермей, адам өзгермейді. Қоғам әлеуметтік әділетсіздіктер мен теңсіздіктерден көз ашпаса, Абақ сияқты елі үшін туған ерлер құрбан бола бермек. Олардың өмірінде тұрақтылық болмайды, ат үстінде арпалысып өтерге үкім етілгендей аласапыран күй кешіп, озбырлық пен күншілдіктің кеселін тартып өтеді.

С.Бегалиннің көлемді, әрі көркем және шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Баян жүрек» поэмасы. Аталған шығарма қазақ халқының ертедегі өмір тарихы мен қазақ-жоңғар арасындағы жаугершілік заманды суреттейді. Ақын осы көлемді туындысында бірде тарихи оқиға, нақты тарихи адамды арқау етсе, енді бірде заманның, ел өмірінің шынайы болмысын көрсету арқылы өткеннің сипатын танытады. Поэмада мөлдір махаббат, елге, туған жерге деген сүйіспеншілік жырланады. Туындының негізінде халықты достыққа, татулыққа шақырған үлкен мән-мағына жатыр.

Поэмада халық қаһармандығы, ел азаматтарының ерліктері асқақ шабытпен суреттелген.

Арқада Арғын жатыр асқар белдей,
Қысылса Найман жатпас хабар бермей.

Қанаттас Жалайыр тұр жауынгер ел,

Жоңғарды бас салмай ма тасқын селдей [5, 341 б.], –

деген жолдардан қазақ пен жоңғар арасындағы ұзақ жылғы қақтығыстардағы тарихи шындықтың нақты суреттерін көреміз. Қазақ пен жоңғар 200 жылдай шабысқан. Өсіп-өніп, өз жеріне сыймай, ұланасыр мал жайылымдары үшін қазақ жеріне сұқтанған батыс моңғолдардың бір бұтағы жоңғар-қалмақтар қазақ халқына зор шығын әкелгені, ақтабан шұбырындыда қазақтың үштен екі бөлігінің жойылып кеткені тарихтан белгілі.

Ақын поэмасы ең алдымен нақтылы болған адамдардың өмірін жырлаған тарихи шындығымен есте қалады. Өйткені поэмадағы басты кейіпкердің бірі Түлек батыр тарихта болған адам. «Қазір Талдықорғанда «Түлектің төрі» деген жайлау бар. Қазақ халқын Жоңғарлардан қорғап, бостандық үшін күрескен батырдың бірі - осы Түлек» [7, 45 б.], – деп жазады ғалым Қ.Алпысбаев.

Поэмада Түлек аң аулап жүрген кезде жоңғар елінің Шажа деген ханы елін шауып, әйелі мен баласын алып кетеді. Бұған намыстанған Түлек аз қолмен Шажаға соқтығып, қапыда мерт болады. Бұдан әрі поэмада Сайым

бейнесі көрініс табады. Сайым - Түлектің жау қолында кеткен жалғыз ұлы. Анасы Сайымға кішкентай кезінен бастап әкесінің қанішер Шажаның қолынан мерт болғанын айтып, құлағына сіңіріп өсіреді.

Ана мен бала, қыз бен жігіт арасындағы махаббат поэмада одан әрі көрініс береді. Шажа ханның қызы Баян мен Сайым арасындағы махаббат поэманы шыңдай түседі. Баянға деген ғашықтық сезім, Шажаға деген кек, туған жерге деген сағыныш Сайым бейнесін толықтыра түседі.

Сол Сайым Баянменен өскен бірге,
Қос өзен безенгендей бақта гүлге.
Көрмесе бірін-бірі илейтін зар,
Ес білмес елбеңдеген бала күнде.
Бірінсіз бірі қолға алмайтын ас,
Жат ой жоқ жас жүректе ойынға мас.
Еліктің егіз туған төліндей боп,
Бірі айтса екіншісі иетін бас [5, 345 б.].

Міне, Баян мен Сайым арасындағы махаббатты ақын сырлы сезім, нәзік үнмен толғайды.

М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» атты поэмасының сюжетіне ұқсас поэма екені сюжеттік желіден көрініс тапқан. Ш. ӘбенOVтың «Таңшебер-Жапал» атты поэмасында да дәл осы сюжет арқау болған. Расында бұл нені білдіреді? Сол кездегі қазақ пен жоңғар қақтығысының жиілігін әрі қазақтың ел қорғайтын батырларын өлтіріп, әйелі мен баласын жау алып кеткенін аңғартады. Түлектің аз қолмен барып қаптаған қалың жауға соқтығуы «батыр аңғал, ер әңгүдік» дегенді білдірумен қатар, ерді қатты ашу қысқанда ақыл мен айла қалыс қаларын айқындай түседі.

Поэмада бұдан әрі Дүркей бейнесі белең алады. Дүркей - Баянды сыртынан аңдып, Сайыммен бақталас болып жүрген жан. Оны ақын поэмада былай бейнелейді:

Аты да Дүркей еді дүрілдеген,
Арандай байлаудағы күрілдеген.
Сайымға осы жолда тілі тиіп,
«Қаңғыған жетім қазақ құлым деген» [5, 346 б.], – деп Сайым мен

Дүркей қақтығысын ширектіра түседі.

Поэманың ең бір қызықты жері - Шажаның Сайымнан алданып қалғандығы. Автор Шажаны оп-оңай алдандыра салмайды. Ол оңайшылықпен аяғынан шалдырып, тізгініне жармастырмайды.

Шажаның осындай сәтін күтіп жүрген жас Сайым Шажа ханға келеді. Поэмада Шажа мен Сайымның диалогтары ұтымды шыққан.

Деп бастап: «Жалқы едім ғой бір анадан,
Өмірге бастырып ең өзің қадам.
Барайын мен жауыңа қолды бастап,
Рұқсат болса осыған сізден маған».
Дегенде хан біле алмай сенерін де,
Сенбеске Сайымдай ер жоқ елінде,
Болғанмен әке Найман, шеше Жоңғар,

Жиенім, бөтендік бар қай жерінде [5, 350-351 бб.], –
деп ақын ханның Сайымға деген сенімін осылай жырласа, енді бір жерде Шажаның Сайымға деген күдікті ойын былай жеткізеді.

Бірақ та тұқымы еді зерделінің,
Ұранын ести қалса өз елінің,
Кетпесе айнып батыр айтқанынан,
Ақтамай берген мынау өз сезімін [5, 351 б.].

Шажаның Сайымнан күдіктенуі заңды. Бұдан әрі поэмада Шажаның елімнен қыз айттыр дегенде Сайымның Баянды қалап, ханның өзінің берген жарлығынан бас тарта алмай қалуы, Сайым мен Баянның серт байласуы сөз болады.

Поэманың бұдан әрі өрістеуіне зер салсақ, Шажа Сайымның ең осал тұсына тап беріп, оны шырмап алмақ ниетімен былай дейді:

Хан сезіп жұмбақтаған батыр сөзін,
Қадалған ер Сайымнан алмай көзін,
«Қалайсың кімді елімнен жар етуге,
Именбе қайтпас бетің, сөйлеші өзің!» [5, 358 б.],–

дегенде Сайым былай деп жауап қайтарады:

Деген бар екі айтпайды хан кесімін,
Ит жемес ел қорғаған ер несібін,
Жүректің әмірінен аса алмаймын,
Қақпаймын Баян емес қыз есігін.
Деп Сайым Баян қызға қалды қарап,
Жарқылдап дулығасы қару-жарақ,
Болмайды хан жарлығы екі десті,
Алқаған хан ордасын өңкей манап [5, 358-359 бб.].

Осыдан кейін Шажа Сайымға шүбәсіз сенеді. Баян тұрғанда бізді сатып кетпес деген ой Шажаны ойға қалдырады. Поэмада одан әрі Сайымның жоңғар қолын бастап Наймандарға аттануы жырланады. Қазақтан Боранбай, жоңғардан Сайым шыққан сәтін автор былай сипаттайды:

Сол кезде Қаптағайлап Найман ері,
Даусынан жаңғырығып тұрған жері.
Ұмтылды Сайымға о да айбат шегіп,
Артында аруақтайды Найман елі.
Таңданып жеке батыр мұнысына,
Найзасын жерге тіреп тұрысына,
«Жөніңді айт, кімсің өзің, әйелмісің?
Келдің бе дидарласып тұрысуға?..»
Дегенде, мен ұлы едім батыр Түлек,
Өз атым әкем қойған Сайым бөлек.
Елімнің естіген соң ер ұранын,
Ұлы едім бас игенім алдыға кеп [5, 361 б.].

Поэмада майдан басталады деп отырған оқырман кенет Сайымның ата жұртымен майдан даласында табысуына куәгер болады. Ғашықтық махаббаты

алдында тізе бүктіріп, жоңғарларға қайта шабуы поэманың мазмұнын одан әрі қоюландыра түседі.

Хан Шажа сасып сеніп алдағанын,
Кеш сезді, кімге айтады арман зарын.
Шоңқиып қалды шөгін ордасында,
«Қай жерде қаласың, – деп шыбын жаным» [5, 362 б.].

Поэмада батырдың ата-жұртымен қайта табысуы нанымды суреттелген. Өке кегі үшін Сайымның өзіне қарсы шыққанын көрген Шажа хан тірідей сасады. Наймандардың тегеурінді соққысына шыдамаған жоңғарлар жөңкіле қашады. Бұл сәт поэмада адалдықтың жеңіп, зұлымдықтың жеңілген тұсы ретінде сәтті сомдалған.

Әдебиеттанушы ғалым А.Нұрқатов шығармада өрілетін тартыстың өткірлігі мен шынайылығы және оның нанымды шешім табуы - шығарманың аса бағалы қасиеттерінің бірі екенін айта отырып, автор оқырманның көкейіндегісін дәл тапқан деп баға береді [8, 169 б.]. Осындай ел басына күн туған шақта жоңғарлар Сайымның алдынан ару Баянды шығарып, ескі кегінді кеш, ел мен елді табыстырайық деп бітімге келуге шақырады. «Елдестірмек - елшіден, жауластырмақ - жаушыдан» дегендей, Сайым жөн сөзге тоқтап, кішірейеді. Баянның әкесі Шажаны қашып бара жатқан жерінен қуғыншылар жол ортадан тоқтатып, елге қайтарып әкеледі. Осы жерде поэмада Дүркей образы белең алады. Ол жоңғар елінің намысын қорғамақ болып, қолына қару алып, екі ел арасына от тастамақшы болады. Осы жерде Баян қыз бен Дүркейдің жекпе-жекке шығуы - поэманың ең бір шиеленіскен тұсы. Ерлік пен жауыздық, адалдық пен зұлымдық шайқасқан сәтте Баян Дүркей қолынан қаза тауып, елдің еңсесі түсіп, қабырғасы қайысады. Екі елдің арасына бітімші болып, ел ертеңін ойлаған ару Баянның жүрегі қанішер, залым Дүркейдің найзасының ұшында кете барады. Автор осы тұста Баян образын мейлінше тартымды, ақылды етіп сомдаған. Оның ақыл-парасаттығының шыңы - ел мен елді достастыруға себепші болуы.

Ақынның поэманы реалистік сарынмен аяқтауы аса нанымды шыққан. Баян қыздың Дүркейдің қолынан қаза табуы шынайы, себебі ер адам әйел затынан жекпе-жекте үстем шықса ол нанымсыз болар еді. Психологиялық тұрғыдан қараса қалмақ батыры Дүркей өз қандасы, Шажа қонтайшының қызы Баян сұлудың қазақ жігітін, Сайымды таңдауынан қаны қараймауы, бөріктінің ашу-ызасы қолының найза сілтеген күшін арттырмауы мүмкін емес.

Ақын тарапынан кеткен бір қателік жоңғар билеушілері хан деп аталмайды, қонтайшы деп аталады.

Қыздың қайсарлығы мен қажырлылығы да осы тұстан көрінеді. Бұл бейне жырда әдеттегідей жалаң баяндалмаған. Оның бейнесі эпикалық жырлардағы Баян, Жібек, Айман, Шолпан бейнелерін одан әрі толықтыра түсері сөзсіз.

Ақын поэманы бұдан әрі Дүркейдің өз аузынан айтқан:

Жарының алып келдім жан жүрегін,
Құлады Шажа ордасы, бір тірегің.
Жайраттым Баян қызды өз қолымнан,
Өзіңде, Сайым, менің қалған кегім [5, 369 б.], –

деген сөздері арқылы шиеленістіре түседі. Поэма Сайым мен Дүркейдің айқасы, одан Дүркейдің Сайым қолынан қаза табуымен тәмамдалады.

Дүркейдің дұшпаннан бұғып қалатын қорқақ емес, намысты ер болып шыққаны оқырманды мейлінше еліктіре түскен.

Ақынның осы көлемді туындысыннан елінің өткен тарихына көз жіберіп, жаугершілік заманда қазақ жерін қорғаған ерлердің есімдерін жырға қосқанын көруімізге болады. Бұл шығарма Түлек батырдың ерлік ісін баяндайтын, оны кейінгілерге үлгі болсын, өткеннен тәлім мен тәрбие алсын деген мақсатта жазылған. Поэма жанры туралы Ә.Нарымбетовтың: «Алдымен, эпикалық поэмада шиеленіскен тартыс, өткір сюжет болу керек. Поэма кейіпкерлері төтенше іс, айрықша әрекетімен көзге түссін. Әдеби образға жандандыратын, жан бітіретін төгілген көрікті тіл, оқушыны желпіндіріп, тамсандырып отыратын көркемдік бейнелеу амалдары да ауадай қажет. Оқушыны толғандыратын, тебіrentетін, ұзақ уақыт есінен кетпес терең ой, тағылымды пікір болу керек поэмада» [9, 182 б.], – деген пікіріне ақын сомдаған Сайым бейнесінің басындағы жағдайлардың реалистік құбылыстардан ауытқымағаны дәлелдей түседі.

Шығарма негізінен баяндау, суреттеу, диалог, монолог элементтерінен құралып, эпикалық суреттеу де басым келеді. Поэма мейлінше көркем, терең мазмұндылығымен құнды.

Қорытынды

Сапарғали Бегалиннің тарихи тақырыпқа арнап жазылған шығармаларында қазақ поэмаларына тән шұбалаңқылық та жоқ емес. Кейбір шумақтарда сөз қайталау, буыны артық тұрған жолдар, ұйқастардан кеткен сәл кемшіліктерді де кездестіреміз.

Десек те, ақын поэмаларынан оның өткенді саралап, тарихты сабақтап, өз оқырманының үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алатындығына күмәніміз жоқ. Поэмалардағы ел мен жер тағдырын, сол халық арасынан шыққан дара тұлғаның тағдырын бейнелеген шығарманың тақырыптық және көркемдік қуаты кез келген оқырманның биік талап-талғамына жауап береді. Ақын өзінің шығармашылық жолында, әсіресе эпикалық шығармаларында әлеуметтік-тарихи тақырыпқа бара отырып, байыпты да байламды сөз айта білген.

Қорыта айтсақ, Сапарғали Бегалиннің тарихи тақырыпқа негізделіп жазылған поэмаларында өз дәуірінің үні, сарыны бар. Оның шығармалары – оқырман үшін тартымды, тәрбиелік, танымдық қасиеті мол, жас оқырманның дүниеге көзқарасын қалыптастырып, өмір сырларын ашатын өнер туындылары. Олай болса, ақын поэмалары қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, рухани мұра болып табылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Литературный энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1987. – 752 с.

[2] Жұмалиев К. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.

[3] Ергөбеков Қ. Мейірім шуағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 165 б.

[4] Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 428 б.

- [5] Бегалин С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1966. – 431 б.
- [6] Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999. – 752 б.
- [7] Алпысбаев Қ. Поэма және аңыз // Алпысбаев Қ. Поэзия парасаты. – Алматы: Ғылым, 2006. – 250 б.
- [8] Нұрқатов А. Идея және образ. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 324 б.
- [9] Нарымбетов Ә. Кейіпкер сөзі және портрет // Нарымбетов Ә. Көркемдік кiлті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 348 б.

REFERENCES

- [1] Literaturnyi ensiklopedicheski slovăr (Literary encyclopedic dictionary). – Moskva: Sovetskaia ensiklopedia, 1987. – 752 s. [in Rus.]
- [2] Jūmaliev Q. Ädebiät teoriyası (Theory of literature). – Almaty: Mektep, 1969. – 243 b. [in Kaz.]
- [3] Ergöbekov Q. Meirim şuağy (The sun of mercy). – Almaty: Jazuşy, 1985. – 165 b.[in Kaz.]
- [4] Äuezov M. Uaqyt jäne ädebiät (Time and literature). – Almaty: QMKÄB, 1962. – 428 b. [in Kaz.]
- [5] Begalin S. Şyğarmalary (Works). – Almaty: Jazuşy, 1966. – 431 b. [in Kaz.]
- [6] Qazaq ädebiätı ensiklopediasy (Encyclopedia of Kazakh literature). – Almaty: Qazaqstan Respublikasy Bılım jäne ğylym ministrлігі, Qazaqstan damu instituty, 1999. – 752 b.[in Kaz.]
- [7] Alpysbaev Q. Poema jäne aңыз // Alpysbaev Q. Poezia parasaty (The mind of poetry). – Almaty: Ğylym, 2006. – 250 b. [in Kaz.]
- [8] Nūrqtatov A. İdeia jäne obraz (Idea and image). – Almaty: QMKÄB, 1962. –324 b.[in Kaz.]
- [9] Narymbetov Ä. Keipker sözi jäne portret // Narymbetov Ä. Kōrkemdik kiltı – şeberlik (The key to artistry is skill)– Almaty: Ğylym, 1985. – 348 b. [in Kaz.]

УРОКИ ИСТОРИИ В ПОЭМАХ САПАРГАЛИ БЕГАЛИНА

*Ибрайханова А.¹, Альтай А.²

*¹докторант 3 курса специальности "Литературоведение",
 ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казакстан, e-mail: akmaral_rollan@mail.ru
²д.ф.н., профессор Евразийского национального университета
 им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: Акzhol777@mail.ru

Аннотация. За основу данной статьи взяты поэмы выдающегося представителя казахской детской литературы С.Бегалина «Мечта Абака» и «Батыр Баян». Главная цель статьи - раскрыть уроки истории в поэмах поэта и по-новому исследовать их в соответствии с современными требованиями. В статье были проанализированы определения данные термину «поэма» и проведен обзор исследований ученых-литературоведов. В статье руководствовались трудами исследователей литературы К. Ергобека, К. Алпысбаева, А. Нуркатова, которые высказывали мнение о познавательном характере научных выводов, данных произведениям С. Бегалина.

Научная значимость статьи: в поэмах С.Бегалина изучена тематическая и художественная мощь произведений, отражающих судьбу страны и земли, судьбу отдельной личности из народа. Были проанализированы художественно-идейные особенности поэм поэта, говорится о том, как он мастерски изобразил такие сцены, как создание образа героя, раскрытие его духовного мира.

Полагаем, что основные теоретические выводы статьи внесут свой вклад в историю казахской литературы и детской литературы. Также результаты исследования могут быть

использованы на филологических факультетах вузов при преподавании специальных дисциплин, проведении специальных семинаров.

Глубоко укоренившаяся, берущая свое начало в устной литературе древнейшая форма эпического жанра – исторические поэмы. В основу исторических поэм положены социальные, политические события, реально происходившие в жизни. В исторических поэмах речь идет именно о временных событиях собственной эпохи поэта. Они только со временем приобретают исторический характер. Исторические поэмы - это иллюзия реальных социально-исторических противоречий, а не одной эпохи.

На протяжении веков рождались многие поэмы о славных деяниях героев, проявивших мужество и бесстрашие, отвагу и героизм в борьбе с врагами, интересовавшимися необъятной казахской землей, ее богатствами и недрами. Создание высокой личности отважных героев, которые заботились о стране, сели на лошадь за целостность земли, вели за собой весь народ и штурмовали своего врага, прославление их героических поступков получило широкое распространение в произведениях поэтов советского времени.

А поэмы С.Бегалина, охватывая актуальные проблемы своего времени, не упуская из виду исторические события, отличаются точным и художественным изображением. Одной из вершин многогранного творчества С. Бегалина, внесшего свой вклад в становление жанра поэмы в казахской поэзии начала XX века, являются поэмы «Мечта Абака», «Баян жүрек», написанные на историческую тему.

В работе использованы методы описания, систематизации, обобщения, формулирования.

Ключевые слова: казахская поэзия, детская литература, эпический жанр, героические поступки, социально-историческое противостояние, человеческая ценность, политическое событие, жанровая специфика

HISTORY LESSONS IN THE POEMS OF SAPARGALI BEGALIN

*Ibraikhanova A.¹, Altai A.²

*¹3rd year doctoral student of the specialty "Literary Studies", L. N.

Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail:

akmaral_rollan@mail.ru

²Doctor of Phil.Sc., Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Kazakhstan, e-mail:Akzhol777@mail.ru

Abstract. This article is based on the poems of the outstanding representative of Kazakh children's literature S.Begalin "Abak Armany" and "Bayan zhurek". The main purpose of the article is to reveal the lessons of history in S. Begalin's poems and to study them in a new way in accordance with modern requirements. The article analyzes the definitions of the term "poem" and reviews the research of literary scholars. They were guided by the works of literary critics K. Ergobek, K. Alpysbayev, A. Nurkatov, who expressed opinions about the cognitive nature of scientific conclusions to the works of S. Begalin.

Scientific significance of the article: in the poems of S. Begalin, the thematic and artistic power of works reflecting the fate of the country and the earth, the fate of a person from the people is studied. The artistic and ideological features of the poems were analyzed, described how he skillfully painted such scenes as the creation of the image of the hero, the disclosure of his spiritual world.

We believe that the main theoretical conclusions of the article will contribute to the history of Kazakh literature and children's literature. Also, the results of the study can be used in the study of disciplines for philological faculties of universities, conducting special seminars.

The oldest and most deeply rooted form of the epic genre, originating in oral literature, is historical poems. Historical poems are based on social and political events that were obvious in

life. Historical poems glorify the modern events of the period in which the poet himself lived. They only acquire a historical character over time. Historical poems are an illusion of real socio-historical contradictions, and not of one epoch.

For centuries, many poems were born on the vast Kazakh land about the courage, bravery and heroism of our people, shown against enemies who encroached on Kazakh lands and wealth. The creation of an image of the personality of a brave hero who managed to lead the whole people for the freedom and integrity of his country and who managed to give a worthy rebuff to the enemies, the glorification of the heroic deeds of the brave hero became widespread in the works of poets of the Soviet period.

S. Begalin's poems are distinguished by an accurate and artistic depiction of historical places, covering the actual problems of their time. Begalin's poems "Abak Armany" and "Bayan Zhurek", written on a historical theme and made a significant contribution to the formation of the poem genre in Kazakh poetry of the early twentieth century, became one of the peaks of the writer's multifaceted creativity.

The methods of description, systematization, generalization, formulation are used in the work.

Keywords: Kazakh poetry, children's literature, epic genre, heroic deeds, socio-historical confrontation, human value, political event, genre specificity

Статья поступила 14.03.2023